

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 2 наурыздағы N 40-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 282-ө Өкімі  
"Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу"  
жобасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы"  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 2 наурыздағы N 40-ө  
өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

### 1 - т а р м а қ т а :

жоғарыда көрсетілген өкіммен құрылған жұмыс тобының құрамына мыналар  
енгізілсін:

Мамытбеков - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Асылжан Сарыбайұлы Министрінің Кеңесі Басшысының  
орынбасары, жетекші

Шварцкопф - Қазақстан Республикасы Экономика және  
Илона Альбертовна бюджеттік жоспарлау министрлігі  
Инвестициялық саясат және жоспарлау  
департаментінің директоры

жұмыс тобының құрамынан Сапарбаев Бердібек Машбекұлы, Сухорукова Вера  
Николаевна, Ахметжанова Гүлнәр Тұрдыбекқызы шығарылсын;  
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жұмыс тобы 2007-2010 жылдарға арналған "Мемлекеттік-жеке меншік  
серіктестік негізінде 100 мектеп пен 100 аурухана салу" жобасын іске асыру жөніндегі  
іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізісін.";

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -  
Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі А.Е.Мусинге" деген сөздер "Қазақстан  
Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е.Шөкеевке" деген сөздермен  
ауыстырылсын.

*Премьер-Министр*